



# ӘСКЕРИ ЗАҢДЕР

№7 (101) - шілде/июль 2025 жыл/года

ГАЗЕТ 2017 ЖЫЛДЫҢ ҚАҢТАР АЙЫНАН БАСТАП ШЫҒАДЫ  
ГАЗЕТА ИЗДАЕТСЯ С ЯНВАРЯ 2017 ГОДА

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ӘСКЕРИ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ГАЗЕТ

ЗАЩИТА  
РОДИНЫ  
- ОБЩАЯ  
ЗАДАЧА



СТР. 3

«ЖАС ҰЛАН»  
ЖАЙЛЫ  
ЖАН-ЖАҚТЫ  
МӘЛІМЕТ



4 БЕТ

ӘСКЕРИ  
ТЕНІЗШІЛЕР  
САЙЫСТЫ



8 БЕТ

## ДИСЦИПЛИНА И ЗАКОН

**ПОД ПРЕДСЕДАТЕЛЬСТВОМ ГЛАВНОГО ВОЕННОГО ПРОКУРОРА ДАСТАНА СЕКЕНОВА СОСТОЯЛОСЬ ЗАСЕДАНИЕ КООРДИНАЦИОННОГО СОВЕТА ПО ОБЕСПЕЧЕНИЮ ЗАКОННОСТИ, ПРАВОПОРЯДКА И БОРЬБЫ С ПРЕСТУПНОСТЬЮ В ВООРУЖЕННЫХ СИЛАХ, ДРУГИХ ВОЙСКАХ И ВОИНСКИХ ФОРМИРОВАНИЯХ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН.**

Открывая заседание, Дастан Секенов отметил, что профилактика гибели военнослужащих, преступности в войсках - одно из приоритетных направлений совместной работы всех военных ведомств.

Необходимо продолжить реализацию поручений Главы государства о повсеместном утверждении в обществе идеологии закона и порядка, а также обеспечении в Вооруженных Силах и других силовых структурах железной дисциплины.

На заседании рассмотрены вопросы повышения эффективности профилактических мер по снижению правонарушений в армейской среде, обеспечению сохранности жизни и здоровья военнослужащих, соблюдению техники безопасности при несении службы.

По поручению Генерального прокурора Берика Асыллова Главной военной прокуратурой совместно с военными ведомствами разработаны проекты программ:

«Закон и порядок в армии» и «Цифровая профилактика», направленные на повышение эффективности профилактической деятельности и укрепление правопорядка в армейской среде.

Реализация программ рассчитана на 2025-2028 годы.

Акцент сделан на повышение качества разъяснительной работы с личным составом путем комплексного использования на занятиях интерактивных инструментов (видеороликов, слайдов), ситуационных задач, участия психологов и активного вовлечения в этот процесс аудитории.

Предусмотрено совершенствование подготовки командиров младшего звена по взаимодействию и работе с подчиненными, а также повышение квалификации военных психологов.

Значительное внимание уделено внедрению IT-технологий в превенцию правонарушений. Указанные программы утверждены решением Координационно-



го совета.

Как ранее озвучено Генеральным прокурором на личной странице в социальной сети «Х», в рамках реализации программ планируется планомерное оборудование воинских частей современными системами видеонаблюдения с элементами искусственного интеллекта, оснащение видеожетонами командиров и солдат при выполнении отдельных обязанностей воинской службы.

Уже начата работа по созданию на основе искусственного интеллекта цифрового консультанта для помощи гражданам в доступе и получении информации о воинской службе (пилотный проект реализуется на ведомственном сайте Министерства обороны [armia.kz](http://armia.kz)).

Для повышения прозрачности и эффективности работы призывных комиссий планируется аудио- и видеофиксация их заседаний.



# НА ПЕРЕДОВОЙ ПРАВОПОРЯДКА

**В ХОДЕ КОМАНДИРОВКИ В КОСТАНАЙСКИЙ ГАРНИЗОН ГЛАВНЫЙ ВОЕННЫЙ ПРОКУРОР ДАСТАН СЕКЕНОВ ПРОВЕЛ МЕЖВЕДОМСТВЕННОЕ СОВЕЩАНИЕ С УЧАСТИЕМ КОМАНДОВАНИЯ ВОИНСКИХ ЧАСТЕЙ И ПРЕДСТАВИТЕЛЕЙ ПРАВООХРАНИТЕЛЬНЫХ ОРГАНОВ.**

Открывая заседание, Главный военный прокурор отметил, что в рамках реализации концепции «Закон и Порядок» с учетом особенностей гарнизона необходимо сосредоточить основные усилия на предупрежде-

нии гибели и травматизма личного состава, дорожно-транспортных происшествий и семейно-бытового насилия, а также усилении мер по социальной защите военнослужащих.

На совещании также обсуждены вопросы охраны военнослужащими Национальной гвардии исправительных учреждений, пресечению фактов проникновения запрещенных предметов.

Отдельное внимание уделено деятельности подразделений Пограничной службы по охране Государственной границы, в том числе противодействию незаконной миграции и наркотрафику.

Намечены мероприятия по реализации в

гарнизоне программ профилактики «Закон и Порядок в армии» и «Цифровая профилактика», разработанных Главной военной прокуратурой совместно с военными ведомствами.

После совещания Дастан Секенов в рамках республиканской экологической акции «Таза Қазақстан» принял участие в посадке саженцев деревьев на территории прокуратуры Костанайской области.

## В ЦЕНТРЕ ВНИМАНИЯ



**ОДНИМ ИЗ ПРАВ, ЗАКРЕПЛЕННЫХ СТ. 33 КОНСТИТУЦИИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН, ЯВЛЯЕТСЯ ПРАВО ГРАЖДАН РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН ОБРАЩАТЬСЯ ЛИЧНО, А ТАКЖЕ НАПРАВЛЯТЬ ИНДИВИДУАЛЬНЫЕ И КОЛЛЕКТИВНЫЕ ОБРАЩЕНИЯ В ГОСУДАРСТВЕННЫЕ ОРГАНЫ И ОРГАНЫ МЕСТНОГО САМОУПРАВЛЕНИЯ.**

Институт обращений является одним из важнейших способов защиты своих прав, свобод и законных интересов физическими и юридическими лицами. Обращения граждан являются «обратной связью», возможностью выражать собственное мнение о происходящих событиях, процессах, вносить предложения по совершенствованию и просто реализовывать свои иные права и интересы.

С июля 2021 года введен Административный процедурно-процессуальный кодекс Республики Казахстан (далее - АППК), внедрена электронная система «e-Otinish», что позволило повысить эффективность работы государственных органов, а также прозрачность механизма учета, регистрации, рассмотрения обращений граждан.

Теперь заявителям не требуется направлять свои обращения в бумажном формате. Достаточно подать его в электронном формате, заверив электронной цифровой подписью, и оно сразу принимается в работу, а заявителю доступен к просмотру ход его рассмотрения.

Для удобства заявителей также до-

ступна подача обращения в бумажном формате. Такое обращение регистрируется органом в «e-Otinish», заявителю выдается талон с уникальным номером с указанием даты и времени, фамилии и инициалов, должности лица, принявшего обращение. Сведения, содержащиеся в талоне, направляются на абонентский



номер сотовой связи или электронный адрес, указанные в обращении, сообщении, запросе, отклике и предложении.

В случае отсутствия в обращении абонентского номера сотовой связи или электронного адреса талон заявителю не направляется.

При направлении обращения в уполномоченные органы необходимо помнить, что в нем обязательно должны быть указаны фамилия, имя, отчество (если оно



указано в документе, удостоверяющем личность), индивидуальный идентификационный номер (при его наличии), почтовый адрес физического лица либо наименование, почтовый адрес, бизнес-идентификационный номер юриди-

ческого лица (при его наличии), наименование административного органа, должностного лица, которым подается обращение, изложена суть обращения, дата подачи обращения, подпись заявителя или его представителя.

В случае несоответствия обращения требованиям, установленным законодательством, административный орган, должностное лицо указывает заявителю на несоответствие, устанавливает разумный срок для приведения его в соответствие с требованиями. Возврат обращения не препятствует повторному обращению. Заявитель до принятия решения по административному делу может отозвать обращение на основании своего письменного заявления. Отзыв обращения заявителем не лишает его права на подачу повторного обращения при условии соблюдения сроков, если иное не предусмотрено законами Республики Казахстан.

Обращаем ваше внимание, что даже если обращение не соответствует общим требованиям ст. 63 АППК, оно подлежит обязательному приему, регистрации, учету и рассмотрению. Отказ в приеме обращения запрещается.

в течение трех рабочих дней со дня продления срока.

Одним из новшеств в рассмотрении обращений является процедура заслушивания в случае предоставления обременяющего ответа заявителю.

Должностное лицо обязано предоставить возможность участнику административной процедуры выразить свою позицию к предварительному решению по административному делу, о котором участник административной процедуры уведомляется заранее, но не позднее чем за три рабочих дня до принятия административного акта.

АППК регламентирован порядок и процедура обжалования, а также форма и содержание жалобы.

Наряду с удовлетворением либо отказом в удовлетворении жалобы, орган имеет право оставить ее без рассмотрения в случае, если имеется решение органа, рассматривающего жалобу, по результатам рассмотрения жалобы в отношении участника административной процедуры о том же предмете и по тем же основаниям, указанным в жалобе; имеется вступивший в законную силу судебный акт, вынесенный в отношении того же лица, о том же предмете и по тем же основаниям; органом, рассматривающим жалобу, принят отзыв жалобы от заявителя.

В совокупности установленный регламент рассмотрения обращений, система электронного учета обращений позволили создать систему защиты прав, свобод и законных интересов физических и юридических лиц и реализовать конституционное право граждан участвовать в управлении делами государства непосредственно и через своих представителей.

**Прокурор Военного департамента  
Комитета КПСисУ ГП РК  
юрист 2 класса А. А. Алтынбай**



# ЗАЩИТА РОДИНЫ - ОБЩАЯ ЗАДАЧА

**ЗАКОН «О ТЕРРИТОРИАЛЬНОЙ ОБОРОНЕ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН», ПОДПИСАННЫЙ ГЛАВОЙ ГОСУДАРСТВА КАСЫМ-ЖОМАРТОМ ТОКАЕВЫМ, ЯВЛЯЕТСЯ ВАЖНЫМ ПРАВОВЫМ ДОКУМЕНТОМ ПО УКРЕПЛЕНИЮ БЕЗОПАСНОСТИ СТРАНЫ. ДЛЯ РАЗЪЯСНЕНИЯ ЗНАЧЕНИЯ ДОКУМЕНТА И ОБСУЖДЕНИЯ МЕХАНИЗМОВ ЕГО РЕАЛИЗАЦИИ ДЕПУТАТ СЕНАТА ПАРЛАМЕНТА РК СЕРГЕЙ ЕРШОВ ВСТРЕТИЛСЯ С ВОЕННОСЛУЖАЩИМИ РЕГИОНАЛЬНОГО КОМАНДОВАНИЯ «АСТАНА». ОН ВСЕСТОРОННЕ РАЗЪЯСНИЛ ОСНОВНЫЕ ПОЛОЖЕНИЯ НОВОГО ЗАКОНА, ЕГО ВКЛАД В ОБЕСПЕЧЕНИЕ ОБОРОНЫ ГОСУДАРСТВА И БЕЗОПАСНОСТИ ГРАЖДАН В ЧРЕЗВЫЧАЙНЫХ СИТУАЦИЯХ.**

По словам Ершова, главная цель закона - уточнение механизмов защиты населения, стратегических объектов и территории страны от различных угроз.

- Кроме того, закон предусматривает добровольное участие граждан в структурах самообороны в период мобилизации. Это яркое проявление интеграции населения и армии в единую систему безопасности, - заявил депутат.

В ходе встречи военнослужащие задавали вопросы, связанные с понятиями «добровольные» и «самооборонные структуры» в законе, новыми полномочиями местных исполнительных органов, а также вертикальной системой управления в сфере обороны, на которые получили конкретные ответы. Командующий и личный состав Региональ-

ного командования «Астана» высоко оценили визит депутата и отметили, что получили полную и понятную информацию о законодательных нововведениях. По словам сенатора, реализация закона является общей задачей не только для военных структур, но и для всех государственных органов и гражданского общества. Документ направлен на обеспечение безопасности внутри страны в период чрезвычайных ситуаций, военного положения или мобилизации. В законе четко прописан порядок создания сил территориальной обороны, а также их материально-технического обеспечения.

**Фархат КИНЖИТАЕВ,  
Айдын ТОНТАЕВ (фото)**



## ПУТЬ ПАТРИОТОВ

**ЧЕТВЕРТЬ ВЕКА В ЭТОМ ГОДУ ИСПОЛНЯЕТСЯ КАРАГАНДИНСКОЙ ВОЕННО-ТЕХНИЧЕСКОЙ ШКОЛЕ.**

Истоки военно-технического образования в шахтерской столице восходят к 1948 году. Тогда на базе областного мотоклуба было создано Карагандинское автомобильно-мотоциклетное училище, которому в 1958 году был присвоен статус техникума. Первым руководителем училища был Борис Кривогуз, ветеран Великой Отечественной войны, кавалер многих орденов и медалей.

После распада Советского Союза в 1991 году и обретения Казахстаном независимости потребовались новые структуры для укрепления обороноспособности страны. 13 июня 2000 года приказом министра обороны Республики Казахстан № 160 были созданы военно-технические школы. Начал свою работу Карагандинский филиал. Он признан полным правопреемником бывшего Карагандинского технического училища и продолжил работу по подготовке молодежи к армейской службе.

Основной задачей образовательного учреждения является подготовка и переподготовка граждан по военно-техническим специальностям, а также формирование воинского резерва, обучаемого в рамках государственного оборонного заказа.

Как в советский период, так и в годы независимости Карагандинский филиал неустанно трудился на благо укрепления обороноспособности страны. 5 ноября 1982 года приказом министра обороны СССР № 481 за выдающийся вклад в военно-патриотическое воспитание училищу было присвоено имя уроженца Карагандинской области, Героя Советского Союза Мартбека Мамраева. Это звание стало признанием самоотверженного труда коллектива. Значительный вклад в развитие учебного заведения внесли и люди, руководившие филиалом в разные годы. С 2000 года учреждение возглавляли: Бекмуратов Евгений Жуматаевич (2000–2010), Сурин Евгений Юрьевич (2011–2013), Давидовский Дмитрий Данилович (2013–2019), Жантасов Амангельды Темиржанович (2019–2021), Сулейменов Темирбек (2021–2022), Каймулдинов Амангельды Мереевич (2022–2023). Нынешний руководитель – Абдрахманов Эльдос Гайнитдинович.

Карагандинский филиал – это не только учебное заведение, но и центр воспитания граждан, глубоко чувствующих свой долг перед Родиной. Многие воспитан-

ники этого учреждения стали гордостью страны. Среди них – Халық Қаһарманы генерал армии Мухтар Алтынбаев, первый космонавт независимого Казахстана, Герой Советского Союза, Халық Қаһарманы Токтар Аубакиров, мастер парашютного спорта Виктор Журавлев, дважды награжденный Знаком Почета ДОСААФ. Их жизненный путь – пример для сегодняшних молодых воинов. Мы поговорили с руководителем Карагандинской ВТШ Абдрахмановым Елдосом Гайнитдиновичем.

**- Елдос Гайнитдинович, поздравляем с 25-летием школы. Расскажите, пожалуйста, о работе филиала сегодня.**

- Спасибо. Это важная дата не только для коллектива, но и для всего региона. Ведь наша школа – это не просто учебное

заведение, это важная структура, формирующая воинский дух и патриотическое воспитание. Сегодня, в соответствии с программой, утвержденной Министерством обороны Республики Казахстан, мы осуществляем подготовку и переподготовку молодежи по военно-техническим специальностям, формируем кадровый резерв, обеспечивающий безопасность страны. Ежегодно сотни молодых людей получают у нас образование и поступают на службу в армию, имея качественную подготовку.

**- Какая воспитательная работа проводится в учреждении?**

- Действительно, помимо воинской подготовки для нас большое значение имеет воспитательная работа. Мы воспитываем у молодежи любовь к Родине, ответственность, дисциплину и порядок. Проводим множество патриотических мероприятий, организуем встречи с ветеранами войны и гражданами, прошедшими военную службу. Это вносит большой вклад в воспитание у молодежи духа мужества и героизма.

**- Каковы ваши планы на будущее?**

- Мы планируем и дальше модернизировать школу в соответствии с современными требованиями и совершенствовать образовательный процесс. Мы укрепляем материально-техническую базу и внедряем современные технологии. При поддержке Министерства обороны внедряются новые образовательные программы. Мы также намерены участвовать в международных военно-патриотических проектах. Наша главная цель – подготовка высокообразованных, дисциплинированных, современных солдат, любящих свою Родину.

Карагандинское военно-техническое училище за четверть века воспитало тысячи молодых людей и стало неотъемлемой частью обороноспособности страны. Верность Родине и ответственность перед ней останутся неизменными основополагающими принципами этого учебного заведения.

**Фархат КИНЖИТАЕВ  
Фото Айдына ТОНТАЕВА**



**МЕН ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНЫҢ АЛАКӨЛ АУДАНЫНА ҚАРАСТЫ  
ҚАБАНБАЙ БАТЫР АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН ОРТА МЕКТЕБІН-  
ДЕ МҰҒАЛІМ БОЛЫП ЖҰМЫС ІСТЕЙМІН.**



Оқушылармен жұмыс барысында жиі кездесетін сұрақтарға түсіндірме жауап алу мақсатында өздеріңізге хат жазып отырған жайым бар.

Сіздерден республикалық «Жас ұлан» мектептері мен әскери колледждері туралы кеңірек түсіндіріп берулеріңізді сұраймын. Жалпы, оларға түсу тәртібін және ондағы айыр-машылықтар мен ерекшеліктерге, оқу процестері мен және

басқа да жағдайларға жан-жақты тоқталсаңыздар дұрыс болушы еді.

**Құрметпен, Айдын Байжұмаұлы МАНСҰРОВ,  
Қабанбай батыр атындағы Қазақстан орта мектебі  
тарих пәнінің мұғалімі.**



# «ЖАС ҰЛАН» ЖАЙЛЫ ЖАН-ЖАҚТЫ МӘЛІМЕТ

**РЕДАКЦИЯМЫЗҒА КЕЛІП ТҮСКЕН БҮЛ  
СҰРАҚҚА ӘСКЕРИ БІЛІМ САЛАСЫНЫҢ  
БІЛІКТІ МАМАНЫ, ТӘЖІРИБЕЛІ БАСШЫ,  
ҚР ҚМ КЕҢЕС ОДАҒЫНЫҢ БАТЫРЫ, ХА-  
ЛЫҚ ҚАҺАРМАНЫ, АРМИЯ ГЕНЕРАЛЫ  
САҒАДАТ НҰРМАҒАМБЕТОВ АТЫНДАҒЫ  
ӘСКЕРИ КОЛЛЕДЖІНІҢ БАСТЫҒЫ ПОЛ-  
КОВНИК ҒАЗИЗ ӘУЕСХАНҰЛЫ ТҮЛЕУШЕВ  
ЖАУАП БЕРЕДІ.**

## БІРІНШІ.

Астанадағы Кеңес Одағының Батыры, Халық қаһарманы, Армия генералы Сағадат Нұрмағамбетов атындағы, Қарағандыдағы Кеңес Одағының екі дүркін Батыры, авиация генерал-майоры Талғат Жақыпбекұлы Бигелдинов атындағы және Шымкенттегі Кеңес Одағының Батыры, генерал Сабыр Рақымов атындағы республикалық әскери колледждеріне оқуға қабылдау қағидалары төмендегідей тәртіпте жүзеге асырылады.

Республикалық әскери колледжге оқуға түсетін жылы он бес жасқа толған, бірақ он жеті жастан аспаған азаматтар оқуға түсуге құқылы. Олар әскери колледждің қабылдау комиссиясына тиісті құжаттарды тапсыруы тиіс.

Әскери колледжге оқуға түсуші қабылдау жылының 1-5 тамызын қоса алғанда, өзі таңдаған әскери колледжге ата-аналарымен (заңды өкілдерімен) келеді және қабылдау туралы өтініш береді.

## ЕКІНШІ.

Келесі талаптарға сәйкес келмейтін оқуға түсуші С.Нұрмағамбетов (немесе Т. Бигелдинов, С.Рақымов) атындағы әскери колледжіне қабылдаудан бас тартылады:

- 1) сот әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі деп танылғандар;
- 2) әскери-дәрігерлік комиссияның қорытындысына сәйкес әскери қызмет міндеттерін орындауға кедергі келтіретін ауруы барлар;
- 3) заңда белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алынбаған сотталғандығы барлар;
- 4) бұрын сотталғандар немесе Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 36-бабы және 35-баптың бірінші бөлігінің 3), 4), 9), 10) және 12) тармақтары негізінде қылмыс жасағаны үшін қылмыстық жауаптылықтан босатылғандар.

## ҮШІНШІ.

Азаматтар мен әскери қызметшілерді әскери колледждерге қабылдау 1-20 тамыз аралығында келесі кезеңдер бойынша жүзеге асырылады:

- I кезең – кәсіби-психологиялық іріктеу;
- II кезең – әскери-дәрігерлік сараптама-ны жүргізу қағидасына сәйкес түпкілікті медициналық куәландыру;
- III кезең – дене шынықтыру дайындығын тексеру;
- IV кезең – конкурстық іріктеу және оқуға қабылдау.

Оқуға түсушілерге әрбір қабылдау кезеңінен тек бір рет өтуге жол беріледі. Алдыңғы кезеңнен өтпеген оқуға түсуші келесі кезеңге жіберілмейді.

Оқуға түсушілерді алдын ала кәсіби-психологиялық іріктеу ынталылық, күйзеліске төзімділік, сыни тұрғыдан және логикалық ойлау деңгейін тексеруді қамтиды және оны қабылдау комиссиясы құрылымдық бөлімшемен келісу бойынша колледждің тәрбие және идеологиялық жұмыстар бөлімімен бірлесіп жүргізеді. Кәсіби-психологиялық тестілеу нәтижелері бойынша ұсынылмаған оқуға түсушілер кезеңнен өтпеген болып саналады.

Оқуға түсушілерді түпкілікті медициналық куәландыру денсаулық жағдайы бойынша әскери колледждерде оқуға жа-

рамдылығын айқындауды қамтиды және оны Әскери-дәрігерлік сараптама жүргізу қағидаларына сәйкес құрылған медициналық комиссия жүргізеді.

Оқуға түсушілердің дене шынықтыру дайындығын тексеру бекітілген нормативтер бойынша жүргізіледі. Барлық жаттығулар үшін балдар жиынтығы бойынша 60 балдан төмен жинаған және екі норматив бойынша ең төмен балл жинамаған азаматтық жастар қатарынан оқуға түсушілер кезеңнен өтпеген болып саналады.

Конкурстық іріктеуді қабылдау комиссиясы қабылдау жылының 20 тамызында жүргізеді және оқуға түсушілердің ең жоғарыдан ең төменгіге дейін балдар рейтингін жасауды қамтиды. Рейтинг әскери колледждің қабылдау комиссиясының хаттамасымен нысан бойынша ресімделеді.

Қабылдау комиссиясының шешімі қабылдау жылының 21 тамызында сағат 10.00-ге дейін жарияланады және әскери колледждердің интернет ресурстарына орналастырылады және 23 тамызда әскери колледж бастығының бұйрығымен бекітіледі. Апелляцияға өтініштер 22 тамызда сағат 11.00-ге дейін қабылданады.

## ТӨРТІНШІ.

Әскери колледждерге қабылдауға конкурстық іріктеуді жүргізу кезінде бірдей көрсеткіштер болған жағдайда Заңның 39-бабы 1-тармағында көрсетілген адамдардың құқығына басымдық беріледі.

- жетім балалар және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар;
- әскери даярлық бойынша қосымша бағдарламалары бар білім беру ұйымда-

рының түлектері;

- қызмет өткеру уақытында қаза тапқан, хабар-ошарсыз кеткен немесе әскери қызмет өткеру кезеңінде мүгедектік алған әскери қызметшілердің балалары;
- «Алтын белгі» белгісімен марапатталған тұлғалар;

- жалпы білім беру пәндері бойынша халықаралық олимпиадалардың және ғылыми жоба (ғылыми жарыстар) конкурстарының, соңғы үш жылдағы республикалық және халықаралық конкурстардың және спорттық жарыстардың жеңімпаздары, республикалық жарыстардың бірінші – үшінші дәрежелі дипломдармен наградталған жеңімпаздары, ағымдағы жылы жалпы білім беретін пәндер бойынша Президенттік, республикалық олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстарының бірінші дәрежелі дипломдармен наградталғандар, жүлделі орындарын уәкілетті орган айқындап, растайтын құжаты (бар болған кезде) бар тұлғалар.

## БЕСІНШІ.

«Жас ұлан» республикалық мектептеріне қабылдау 5 (бес) кезеңде жүзеге асырылады, ал С.Нұрмағамбетов атындағы әскери колледжге оқуға қабылдау 4 (төрт) кезеңде жүзеге асырылады.

«Жас ұлан» республикалық мектептеріне қабылдау кезеңі:

II кезең – негізгі орта білім беру бағдарламасы бойынша математика және оқыған тілі бойынша тестілеу;

Математика және оқыған тілі бойынша тестілеу оқуға түсушілердің білім деңгейін анықтау үшін жүргізіледі.



## ҚҰРМЕТТІ, РЕДАКЦИЯ!

**МЕН БАЛА КҮНІМНЕН ӘСКЕРИ БОЛУДЫ, ОНЫҢ ІШІНДЕ ҰШҚЫШ БОЛУДЫ АРМАНДАДЫМ. БІРАҚ, ӨРТҮРЛІ СЕБЕПТЕРМЕН АЗАМАТТЫҚ САЛАДАҒЫ КОЛЛЕДЖЕ ТӨРТ ЖЫЛ ОҚЫП, СОНДА МАМАНДЫҚ АЛДЫМ.**

Әйтсе де, арманыма қол жеткізу мақсатында Ақтөбедегі немесе Армавирдегі ұшқыштар институтында оқып, әуе кемесінің штурвалына отырғым келген. Өкінішке орай, ол ойым да жүзеге аспады.

Сосын өзім сұранып, мерзімді әскери қызметке шақырылдым. Ондағы ойым, Отан алдындағы азаматтық қызметімді абыроймен атқарып, әскери оқу орнына түсуге жолдама (нақты атауы сертификат екен) алмақпын. Жасым болса 21-ден асып барады.

Сіздерден екі сұраққа жауап алғым келеді. Бірінші, мен әскери ұшқыштар институтына түсетін шектеулі жастан асып кеткен жоқпын ба? Екінші, әскери оқу орнына бірден түсе алмай, азаматтық салада оқып немесе жұмыс істеп, кейін өз арманына қолы жеткен адамдар туралы да білгім келеді.

Әскери қызметші  
Бақыт Сарқыт тегі



## ҚАДІРМЕНДІ, ОҚЫРМАН

Алдымен, біздің редакцияға жолдаған сұрағыңызға рахмет. Сіздің тарапыңыздан жолданған бұл сұрақ бойынша өмір жолы өскелең ұрпаққа өнеге болып келе жатқан Халық қаһарманы, Армия генералы Мұқтар Қапашұлы Алтынбаевпен хабарласқан

болатынбыз. Жоғарыдағы сұрақтарға өзі жауап беруді ұйғарды. Бұл әрине, сіз үшін де, біз үшін де үлкен мәртебе.



**БАҚЫТ БАЛАМ. СЕНІҢ ХАТЫҢДЫ ОҚЫП, ӨЗІМНІҢ БАЛА КҮНІМ ЕСІМЕ ТҮСІП КЕТТІ. БІР ҚАРАҒАНДА, СЕН МЕНІҢ ӨМІРІМДІ ҚАЙТАЛАП ТҮРҒАНДАЙ БОЛДЫҢ. ӨЙТКЕНІ, МЕН ДЕ АЛҒАШҚЫДА ӘСКЕРИ АДАМ, ОНЫҢ ІШІНДЕ ҰШҚЫШ БОЛА АЛМАДЫМ. KEYІН АРМАНЫМА ҚОЛЫМ ЖЕТТІ. СЕН ӨЛІ ЖАССЫҢ, СОНДЫҚТАН ЕШҚАШАН КЕШ ЕМЕС. ТАЛПЫНЫСЫҢ БАР, ТЕК ЕРІНБЕ, ОҚЫ, ІЗДЕН, СПОРТПЕН АЙНАЛЫСҚЫН. МЕРЗІМДІ ҚЫЗМЕТІҢДІ АБЫРОЙМЕН АТҚАРЫП, АРМАНДАҒАН ОҚУЫҢА ТҮСУЫҢЕ ТІЛЕКТЕСПІН.**



Мен соғыс біткен жылы дүниеге келдім, бейбіт аспанның астында қызмет еттім. Алғашында жай жұмыс істедім, кейін әскери қызметте болдым. Ал аспан әлеміне жолдама берген білім ордасы – аэроклуб. Оқып шық, жақсы жағынан әсер етіп қалар деген оймен өз өмірім жайлы қысқа әңгімемді ұсынайын.

Өріден бастайын. Кеңестік дәуірдің 30-шы жылдарында біздің әулет Ұлытаудың баурайынан көшіп, көмірлі Қарағандыға келіп қоныстанған. Бұл ең далаға малын жайып, еркін өскен қыр қазағының қала десе үркіп қашатын және жер асты жұмысына түсуден бас тартатын кезі еді. Алайда, менің әкем Қапаш Алтынбаев көмір қазушы шахтер болудан тартынған жоқ. Қарағанды көмір бассейнінің қалыптасу кезеңінде өзі қатарлас жігіттермен бірге Украинадағы Сталинск (кейіннен Донецк) қаласына оқуға жіберілді. Кейін Қарағандыға кәсіби шахтер болып оралған. Сөйтіп

өзінің саналы ғұмырының көп уақытын жер астында өткізді.

Әуелде жер астына жарық түсіруші болса, кейін еңбек жолы учаске бастығы болып жалғасты. Мақтанып айта аламын, әкем марқұм №12 «Кировуголь» шахтасының бастығы болғанға дейін бейнеті мол абыройлы жолдан өтті, бірақ өзінің мамандығына адал болды. Сол адал еңбегінің арқасында “Ленин” орденінің кавалері атанды. Бір сөзбен айтсам, ол менің өмірімнің мәңгілік идеалы және бағдаршамы іспетті.

Мен де алғашқы еңбек жолымды шахтада ұңғушы (проходчик) болып бастадым. Әлі есімде, сол кезде шахта директорының алпамсадай ұлының жер астына түскендігіне танданғандар да болды. Әрине, әкем ұлының өз жолын қуғанын қалады, ал менің ұшқыш болғым келді.

Көп ұзамай, 1966 жылы Отан алдындағы азаматтық борышымды өтеуге шақы-

рылып, мерзімді әскери қызметімді Ресей жеріндегі Кинель-Черкасск (Куйбышев қаласының жанындағы қазіргі Самара) қаласында орналасқан әскери оқу орталығында өткердім. Бір жылдан кейін кіші сержант шеніндегі маған “кіші лейтенант” алғашқы офицер атағын беріп, запасқа шығарды. Өкініштісі, қасымдағы өзге ұлт өкілдерінің барлығы бірдей “лейтенант” атанды. Оқу үлгерімім де, қызметім де, тіпті спорттан да жақсы едім. Бірақ маған неге олай жасағандарын дөп басып айта алмаймын. Соған қарамастан туған елге абыроймен оралып, шахтадағы бұрынғы жұмысымды жалғастырдым. Дегенмен, күндіз-түні қиялға беріліп, аспан әлемін аңсадым.

Ақыры балалық шақтан қалыптасқан «Ұшқыш боламын» деген іштегі жалынды арман-мақсатым мені Қарағандының ұшқыштар дайындайтын аэроклубына жетелеп әкелді. Сөйтіп, негізгі жұмысымнан қол үзбестен екі жыл Қарағанды аэроклубында оқып, жаттығып, аспан әлеміне деген алғашқы қадамымды жасадым.

Ал 1969 жылы Қарулы күштер қатарының офицерлік корпусына біржола әскери қызметке шақырылдым. Кейін бірнеше арнаулы және жоғары білім ордаларында оқып, кәсіби білім алып, ұзақ жылдар әскери қызметте және одан бергі құрметті демалысқа шыққаннан кейін де туған еліме

саналы ғұмырымды арнап келемін.

Бір сөзбен айтқанда, бала күнгі арманым орындалды және Отан қорғаушысы қатарында істеген қызметімді туған елім жоғары бағалады. Оның бастауында, әрине, көңілімнің көкжиегінен ешқашан кетпейтін шағын ғана аэроклуб тұр.

Айтпақшы, әйгілі Қарқаралының перзенті, бүгінде есімі тәуелсіз Қазақстанның мақтанышына айналған, қазақтың тұңғыш ғарышкері, Кеңес Одағының Батыры, Халық Қаһарманы авиация генерал-майоры Токтар Оңғарбайұлы Әубәкіров те осы мектептің түлегі. Әлі күнге дейін Отан қорғаушылар сапында адал қызмет етіп жүрген отставкадағы генерал-майор Марат Серәліұлы Нағұманов та кезінде ДО-СААФ-ты бітірген. Бұл тізімді тоқтаусыз жалғауға әбден болады. Себебі, кезіндегі өзіміз сияқты тұлғалардың ішінде бүгінде халықтың қалаулысына, елдің сүйікті ұлына айналған азаматтар өте көп.

Қорыта айтқанда, сен әлі жассың. Алған бетіңнен қайтпа. Ерінбей ізден, оқы, өзінді-өзің дайында. Өмірде сәтсіздіктер көп болады. Ешқайсына мойыма, қиындықтарды жеңе біл. Сонда бәрі өзің ойлағандай болады. Әр адам өз өмірінің иесі. Алдына мақсат қоя білген адам оған қайткенде де қол жеткізеді. Мен саған сенемін.

Бетті жүргізуші Марат ЖҮНІС-БЕК



## ЕҢБЕК ЕЛЕНДІ, ӘРІПТЕСТЕР ҚҰРМЕТКЕ БӨЛЕНДІ

**28 МАУСЫМ – БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ КҮНІНЕ ОРАЙ БІЗДІҢ РЕДАКЦИЯҒА АЛДЫМЕН АРМИЯ ГЕНЕРАЛЫ, ХАЛЫҚ ҚАҺАРАМАНЫ МҰХТАР ҚАПАШҰЛЫ АЛТЫНБАЕВТЫҢ АТЫНАН БІРНЕШЕ ТӨС БЕЛГІ МЕН АЛҒЫС ХАТ КЕЛДІ.**

Қос бірдей төс белгі «Сарбаз» газетінің сарапшы редакторлары Рима Әбеуова мен Нариман Дюсеновқа тиесілі болса, бет қаттаушы әріптестеріміз Әділ Бейсенбайұлы мен Бахтиер Сұлтанұлы, тұрақты авторымыз Ғани Асылбекұлы Алғыс хаттардың иегері атанды. Бұдан бөлек қаһарман ағамыздың «Сарбаз» газеті мен «Айбын» журналының ұжымына арнайы жазылған Алғыс хаты да бар.

Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі авиация генерал-лейтенанты Дәурен Косановтың біздің жеті қызметкерімізге берген Алғыс хаттары да көңілімізді арқа-жарқа етіп тастады. Атап айтар болсақ, әріптестеріміз Марат Жүніс-Бек, Ерлібай Қадырбай, Алуа Исакова, Тахмина Смағұлова, Наталья Варнавальская, Әділ Шерімбетов және Бахтиер Полатовтар осындай ілтипатқа бөленді.

Ал, үшінші марапаттың легі «Қарулы Күштер ардагерлері» РҚБ Шымкент филиалының төрағасы отставкадағы полковник Серікбай Мейірбайұлы Оңбаев мырзадан келді. Мұндағы 4 төс белгі Бас редактор Ерлібай Қадырбайдың, шығарушы редактор Тимур Аубакировтың, сарапшы редактор Рима Әбеуованың және өңірлік тілші Алуа Исакованың атына жазылса, ал 4 Құрмет грамотасы редакция ұжымына, өңірлік тілші Фархат Кинжитаевқа, сарапшы редактор Нариман Дюсеновқа және корректор Сымбат Нұрхайдароваға арналған.

Сөз соңында, біздің еңбегімізді елеп, ерекше құрмет көрсеткен ел әскеріндегі елеулі тұлғаларға шынайы алғысымызды білдіреміз.

ӨНЕГЕ

Марат ЖҮНІС-БЕК,  
ҚР Қарулы Күштерінің ардагері, әскери жазушы

## «САРБАЗ» ГАЗЕТІНДЕ ҰРПАҚ САБАҚТАСТЫҒЫ БАР

**28 МАУСЫМ – БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ КҮНІ – ЕЛДЕГІ ЕРЕКШЕ КҮН. КҮН САЙЫН ТАЛМАЙ АҚПАРАТ ТАРАТЫП, МАҢЫЗДЫ МӨСЕЛЕР КӨТЕРІП, ҚОҒАМДЫҚ ПІКІР ҚАЛЫПТАСТЫРАТЫН ЖӘНЕ ЕЛ РУХАНИЯТЫНЫҢ ДАМУЫНА ЗОР ҮЛЕС ҚОСЫП ЖҮРГЕН ЖАНДАРДЫҢ, БАРША ӘРІПТЕСТЕРІМІЗДІҢ ЕҢБЕГІН ЕРЕКШЕ АТАП ӨТЕТІН КҮН БҰЛ.**

Қазақ Қарулы Күштеріне қатысты айтар болсам, қартайса да, қаламы қолынан түспеген әскери қаламгерлердің басында Жағыпаров Сапарғали Нұрдаулетұлы тұр. Сапар ағамның қашаннан қаламы қарымды, айтары арынды. Көкеміздің көрмейтіні кем, көкейге түймейтіні жоқ. Бәрін сәндеп, бәрін әрлеп жазудан шаршаған емес. Ол аз болса, жас күнінде жеңіл салмақта жауырыны жер иіскемеген, қазір жетпістен асса да жеңіл атлетикадан желдей есіп жүр.

Сапар ағамның «шинелінен шыққан» әскери қаламгерлердің алды баяғыда зейнеткер атанды. Бірақ көбі Отан қорғаушылар сапынан сырт кете қойған жоқ, әлі де қатарда тұр. Ешқайсысы қаламын тастамады. Марат Нұрсейітов, Алтынбай Дәуренбеков, Кәкімжан Құттыбеков, Александр Бавтута, Жүніс Омаров, Сәндібай Күмісбеков, Құдайберген Медиманов (марқұм), Әбіш Смайылов, Хосай Абыраймов, Мұхарбек Махамбет, Виктор Дубровченко (марқұм) Қуан Мұқашев, т.б. Бұлар «Қазақстан сарбазы – Воин Казахстана» республикалық әскери-патриоттық газетінің өсіп-өркендеуіне зор еңбек сіңірді.

Ал Қайыр Дінбаянов екеуміз ҚР Қорғаныс министрлігі Телефотостудиясының іргетасын қалау бақытына ие болдық. Көп ұзамай қатарымызға қосылған Дина Мұхаринова – қазір республикаға танымал әскери тележорналшы. Осы аталған әріптестерімнің ішінде қазір атақ-шені елге таңылған тарландар жетерлік.

Алдыңғы аға толқынның ізін басып, солардың аманатын арқалап келе жатқан кейінгі толқынға келсек, бұл күнде оның көш басында Ерлібай Қадырбай бауырым тұр. Ол осыдан бір ай бұрын «Айбын» журналы мен «Сарбаз» және «Әскери заңгер» газеттерінің бас редакторы болды. Қазір қасындағы әріптестерімен бірге қанатын кеңге сермеп келеді. Оның бір ғана мақсаты бар. Ол – аталмыш басылымдарды сарбаздар мен сардарлар жата-жастана оқитын жалпыармиялық газет-журналға айналдыру.



ТАБАНДЫЛЫҚ

Алуа СӨКЕНҚЫЗЫ  
«Сарбаз» газетінің «Шығыс» өңірлік қолбасшылығындағы тілшісі

## МЕНІҢ МАМАНДЫҒЫМ – МЕНІҢ МАҚТАНЫШЫМ!

**БҮГІНДЕ ӘСКЕРИ САЛАНЫҢ ЖІЛІГІН ШАҒЫП, МАЙЫН ІШКЕН ЖУРНАЛИСТЕР НЕКЕН-САЯҚ. МЕНІҢ ОЙЫМША, ӘСКЕРИ ТІЛШІ АТАНБАС БҰРЫН, АУҚЫМЫ САН ҚЫРЛЫ ӘСКЕРИ САЛАНЫҢ «ОТЫМЕН КІРІП, КҮЛІМЕН ШЫҒУ» КЕРЕК. АРМИЯНЫҢ ТӨРТІБІ ӨЗГЕШЕ, МҮНДА «ЖҮРДІМ-БАРДЫМҒА» САЛЫНУҒА БОЛМАЙДЫ.**

Полигондардағы оқу-жаттығулардың ортасында болып, әскери қызметшілердің далалық жағдайдағы тұрмыс-тіршілігі мен жауынгерлік іс-әрекеттерін өз көзіңмен көруің қажет. Қыстың аязында, жаздың аптап ыстығында, күз бен көктемнің ызғарлы желінде жауынгерлермен бірге иық тіресе жүріп жазған дүниеңе ештеңе жетпейді. Еліміздің Қарулы Күштерінде журналист қызметін атқару барысында талай жақсы-жайсандармен сұхбаттастым. Уақыт өткен сайын талапқа сай бейімделіп, шапшаң қимылдап, шеберлігімді де шыңдап, тәжірибе жинақтап келемін. Менің мамандығым – менің мақтанышым!

Бала күнімде «Өскенде кім боласың?» деп сұрағанда,

мен «тілмәш, тілші боламын» деп жауап қайтаратынмын. Айтуын айтқанмен, журналистика мамандығының бар екендігінен мүлдем хабарым жоқ еді.

Ұлы Отан соғысында із-түссіз жоғалып кеткен атам Мұхаметжан Исаков туралы дерек іздеу барысында Әбу атамен тағдыр жолымызды тоғыстырды. Менің алғашқы өлеңдерімнің, шағын мақалаларым мен әңгімелерімнің сыншысы болған да, ақ батасын берген де – есімі қазақ әдебиетінің тарихында алтын әріппен жазылған жанашыр ұстаз, дарынды драматург, суреткер жазушы Әбу Сәрсенбаев.





# САҒЫНЫШ ПЕН ЖҰБАНЫШ

Кеше таңертең Елдос ағам хабарласты. Тик-ток желіден бір видео көріпті. Оны вацапқа жіберіп: «Қарашы, мынау анамыз емес пе?!» деп сұрады. Көрдім, ол кісі емес. Солай деп ағама айтып едім, сенбеді. «Жоқ, тәтем» деп тұрып алды. Көңілі анамыз болғанын қалап тұр. Сағынған екен...

\*\*\*

Түнде жатарда анам Алладан тілек тілейді. «Үйдегі, түздегі балаларымды аман қыла гөр...» деп бастайды. Үнемі күбірлеп айтып жатады. «Тәте, ұйықтайықшы» деймін ондайда. Кейде: «осы дұға-тілектеріңді айтпаса болмай ма?! Бүгін үндемей, күбірлемей, тез жата салайықшы» деп қиыламын. Болмайды, үрім-бұтағына дейін түгендеп шығады. Сол кезде ішімнен: «Сізді ойлап жатқан олар бар ма екен?!» деп ойлаймын.

\*\*\*

«Рима...» деді бірде. «Әу, тәте, айта беріңіз». «Мен қайтқан кезде ұлдарым қабірімді қазады емес пе?! Сол уақытта күн суық болса, қолдары тоңып қалар, сен оларға бір-бір қолғап алып қойшы». Тағы балаларының қамын ойлады.

\*\*\*

Тілден қалғалы (инсульт алған еді) көзбен ұғысатын болғанбыз. «Тамақ ішпейсің бе?» деді маған. Қайдан, тәбет жоқ. Сонда да ас үйге жылжымалы кроватын апартқызды. Мен ішіп алсын дегені. Ішетіндей, жейтіндей сыңай танытып, шайымды қолға алдым. Нанды аузыма апарғанша, қарап тұрды. Өзі қатты ауырынып тұр. Жанына батты-ау деймін, бір кезде жүзің тайдырып әкетті. Оны көріп, өксік тұрып қалды. «Не деген Анасың! Жаның қиналса да, неге мені ойлайсың?» дедім іштей.

\*\*\*

Бірде сандығын ашты. «Жиған-тергенін көзім тіріде беріп кетейінші» деп түгендеп



ШАҒЫН ЕСТЕЛІК

Рима БІЛӘЛҚЫЗЫ,  
«Сарбаз» газетінің сарапшы  
редакторы

отыр. Жанында Шәмшия тәте бар. Бір кезде бір шапанға көзі түсіп: «Мынаны әлгі Ермекке берейінші» деді. «Ол кім?» деп Шәмшия тәте сұрап жатыр. «Бір жесір әйел, әкемнің бейітіне барғанда қоса жылаған».

«Ой, тәте, Жаңаарқаның күллі жесірін түгендейін деп отырсыз ба, сонда?» деп Шәмшия тәте күліп жіберді. «Қайдан білейін, өзім жетімдікті, жесірлікті көрген соң, бәріне бергім келеді, жетсе, бәріңе берер ем» деп қояды шешем.

\*\*\*

«Ақылды көгім». Бұл сөз анамның айналайынымен тең. Маған қарата айтатын сөзі бұл. Көңілі толғанда: «ақылды көгім (көкжиегім) гөй менің» деп еркелетеді. Ал, долданғанымда қатқыл дауыспен: «ақылды көгім (көксің, долысың деген мағынада), тоқтат енді» дейтіні бар еді.

\*\*\*

Анам екеуміз астарлап сөйлесетін едік. Жұмыстан кешкілік келген бетте, кіргеннен амандығын сұраймын. Бір күні әдеттегідей, қал-жағдайын сұрастырдым. «Бүгін дауыл тұрды. Сәл шаңы бүрк етті де, қоя қойды» деді. Түсіндім. «Сізге шаңы жүкпады ма?» деймін. «Жоқ» дейді, сіз аман болсаңыз болды» деп қоямын. Бұл – біздің үйдегі атмосфераны баяндағаны.

\*\*\*

Анам барда төрт құбылам түгел еді. Қайтқан соң жалғыздығымды сезіндім. Қазір жұбаныш болар жылы естеліктер ғана жанымды тербейді. Мейіріміне қанып, тәлімің алған алтын уақытқа разымын.

## НЕ ТОЛЬКО ИНФОРМИРОВАТЬ, НО И ВДОХНОВЛЯТЬ



Тимур АУБАКИРОВ  
выпускающий редактор газеты «Сарбаз»

Работа выпускающего редактора – это весь цикл подготовки номера: от идеи до финального макета. Планирование, выбор тем, распределение заданий, редакторская вычитка материалов наших журналистов – все это часть ежедневной рутины. Тщательно оцениваю тексты: важна не только стилистика, но и актуальность, логичность, соответствие теме, глубина. После корректорской вычитки, мы с дизайнером собираем номер, учитывая все нюансы – от компоновки до визуального ряда.

Значимой частью моей работы является взаимодействие с Министерством обороны, региональными корреспондентами, внештатными авторами. Нужно быть в курсе всех процессов и постоянно держать руку на пульсе событий.

При этом важно не терять связь с живым словом – много читать литературы и по возможности писать

самому, без этого легко скатиться в простое администрирование и потерять вкус к профессии журналиста. Перо всегда должно быть острым!

Залогом хорошего материала является личный интерес автора к теме или герою. Сложно написать хороший текст о том, что тебе неинтересно. Всегда важно экспериментировать со стилями и жанрами. Даже если концепция издания предполагает определенные рамки, внутри них всегда можно найти свежий подход. Не стоит становиться заложником одной и той же композиции – будь то очерк, репортаж или обзор.

Особую ценность для меня имеют материалы, написанные с художественным подходом. Это настоящая журналистика: когда текст живой, он «дышит», цепляет, погружает. Умение выстраивать драматургию, создавать образы,

передавать атмосферу – вот что действительно ценно в современном информационном потоке.

Информацию сейчас можно получить множеством способов: письменно, по видеосвязи, через мессенджеры. Все стало быстрее. Но, по моему опыту, самые сильные материалы рождаются после живого общения, когда есть время вслушаться, задать дополнительные вопросы, почувствовать собеседника. Или после личного присутствия на событии. Такие тексты читаются легко и вызывают доверие, потому что в них есть подлинность.

Опыт работы в редакции газеты «Сарбаз» дал мне не только понимание военной сферы и специфики военной журналистики, но и ценный управленческий опыт. А главное – я стал частью творческого и дружного коллектива с богатой историей.

Нариман ДЮСЕНОВ,  
Редактор-аналитик газеты «Сарбаз»

## БЫТЬ ПРИЧАСТНЫМ К ВАЖНОМУ ДЕЛУ

ВОТ УЖЕ ПЯТЬ ЛЕТ, КАК Я РАБОТАЮ В РЕДАКЦИИ ГАЗЕТЫ «САРБАЗ» – СТАРЕЙШЕМ ВОЕННО-ПАТРИОТИЧЕСКОМ ИЗДАНИИ СТРАНЫ. ЗА ЭТИ ГОДЫ Я МНОГОМУ НАУЧИЛСЯ И СТАЛ ЛУЧШЕ В МОЕМ ДЕЛЕ. ВЕРНО ГОВОРЯТ, ЧТО КОГДА ЗАНИМАЕШЬСЯ ЛЮБИМЫМ ДЕЛОМ, РАБОТА ПРИНОСИТ ИСТИННОЕ УДОВОЛЬСТВИЕ – ЭТО КАК РАЗ МОЙ СЛУЧАЙ.

В центре моих историй находится человек, событие или профессия. В каждом тексте я стараюсь рассказать о них как можно больше, делаю акцент на деталях, добавляя к образам и смыслам яркие краски. Стараюсь писать свои материалы таким образом, чтобы было интересно читателю.

Написать текст – несложно, особенно если чувствуешь вдохновение и прилив творческих сил. Однако важно помнить, кто или что стоит в центре повествования и не уходить далеко от темы. Можно добавить несколько исторических фактов, либо цитат известных полководцев. Все это украсит ваш текст.

Обычно создание материала занимает несколько дней. При его написании важно учитывать множество факторов, например, заранее продумать вопросы, прочитать что-нибудь по теме. Вопросы нужно составлять в определенном порядке, чтобы расслабить и разговорить собеседника. Моя задача состоит в том, чтобы человек говорил много и по делу.

После беседы начинается расшифровка. Я создаю текст по принципу конструктора, в котором мелкие детали формируют блоки, а те в свою очередь вырастают в цельную конструкцию.

За годы работы были написаны десятки статей. В этом мне помогают люди, работающие в пресс-службах гарнизонов. Хочется выразить им особую благодарность.

В целом, моя работа – это постоянная коммуникация с людьми, в которой каждый раз находишь что-то новое. В этом я вижу свою мотивацию. Работая в газете, я оказался причастным к большому и важному делу укрепления патриотизма и повышения престижа образа военнослужащего.

ШАҒЫН ФУТБОЛ

## АСТАНАНЫҢ ҚҰРМЕТІНЕ АРНАЛДЫ

**МЕРЕКЕ КҮНІ ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТШІЛЕР ШАҒЫН ФУТБОЛДАН ЖАРЫСТАР МЕН ЭСТАФЕТА ӨТКІЗДІ.**



83205 әскери бөлімінің жеке құрамы атаулы күнді зор ықыласпен қарсы алды. Әскери қызметшілер 86 шақырымдық эстафета ұйымдастырып, қашықтықты 5 және 10 шақырымға бөлді. Бірлік пен жауынгерлік рухты бейнелейтін соңғы кезеңді спортшылар бірге аяқтады.

Астанада шағын футболдан өткен жарысты Қарулы күштер Әскери инфрақұрылым бас басқармасы ұйымдастырды.

Жеке құрамды мемлекеттік мекемен басқарма бастығы полковник

Ғалымжан Айтбаев құттықтап, спорт тек дене шынықтырып қана қоймай, әскери қызметшілердің рухын нығайтуға ықпал ететінін атап өтті.

Жарыс қорытындысы бойынша бірінші орынды Ақмола аудандық пайдалану бөлімінің командасы жеңіп алды. Екінші орын Әскери инфрақұрылым бас басқармасының әскери қызметшілеріне, үшінші орын «26 жол-пайдалану учаскесі» мекемесінің құрамасына берілді.

Турнирдің жеңімпаздары мен жүлдегерлері кубоктармен, грамоталармен және бағалы сыйлықтармен марапатталды. Сонымен қатар, үздік қақпашы, шабуылшы және қорғаушы номинациялары анықталды.



ҮСТЕЛ ТЕННИСІ

## ҚАЗАҚСТАНДЫҚ БІТІМГЕРЛЕР ЖАРАДЫ

**ҰЛТТЫҚ КОНТИНГЕНТТЕР АРАСЫНДА ҮСТЕЛ ТЕННИСІНЕН ЖАРЫС ҚАЗАҚСТАНДЫҚ БІТІМГЕРЛІК РОТАСЫ ОРНАЛАСҚАН ГОЛАН БИІКТЕРІ АУДАНЫНДАҒЫ ФАУАР БАЗАСЫНДА ӨТТІ.**

Жарыс барысында Қазақстанның әскери қызметшілері майор Михаил Выдрин мен сержант Қуат Әшімханов түрлі елдердің мықты спортшыларына қарсы ойында жоғары техника мен үйлесімділік танытып, жұптық санатта бірінші орынды иеленді.

«Біз осы турнирге барынша дайындалдық. Қарсыластарымыздың ойынын талдап, пысықтадық. Шешуші фактор біздің жауынгерлік жолдастарымыздың қолдауы болды», – деп бөлісті жеңімпаздар.

Қазақстандық бітімгерлік контингентінің командирі подполковник Жәнібек Нұрланов әскери қызметшілерді жеңісімен құттықтап, оларға зор денсау-

лық және одан әрі спорттық табыс тіледі.

Турнир бітімгерлік миссиясының құрамында әртүрлі елдердің әскери қызметшілері арасындағы достық пен өзара сыйластықты бейнелейтін маңызды оқиға болды.

Естеріңізге сала кетейік, Қазақстанның дербес бітімгерлік контингенті 2024 жылдан бастап БҰҰ күштерінің бөлінуді бақылау жөніндегі миссиясына қатысады. Әскери қызметшілердің негізгі міндеті – қауіпсіздікті қамтамасыз ету, гуманитарлық жүктерді алып жүру, патрульдеу, сондай-ақ Израиль мен Сирия қарулы күштері арасындағы бөліну аймағында тұрақтылықты сақтау.



ДОДА



## СЕРЖАНТТАР ӨЗАРА БАҚ СЫНАСТЫ

**САҒАДАТ НҰРМАҒАМБЕТОВ АТЫНДАҒЫ ӘСКЕРИ КОЛЛЕДЖДІҢ БАЗАСЫНДА ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ЖАРЫСТАРҒА АҒА ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ СЕРЖАНТТЫҚ ҚҰРАМНЫҢ ӨКІЛДЕРІНЕН ҚҰРАЛҒАН КОМАНДАЛАР ҚАТЫСТЫ.**

Бағдарламаның басты оқиғасы қатысушылардың дайындығы мен ұйымшылдығының жоғары деңгейін көрсеткен шағын футбол турнирі болды.

Футбол матчтарынан бөлек сержанттар белтемірге тартылып, арқан тартысты.

Шағын футболда Қарулы күштер Бас штабының Сержанттық құраммен жұмыс жөніндегі басқарма командасы ауыспалы кубоктың иегері атанды. Екінші орын 68665 әскери бөлімі сержанттарының еншісін. Ал Құрлық әскерлері бас қолбасшысы басқармасының сержанттары үшінші орын иеленді.

Белтемірге тарту жарыстарында бірінші орынды 68665 әскери бөлімінің сержанттары, екінші орынды 44813

әскери бөлімінің сержанттары, үшінші орынды Қарулы күштер Бас штабы Сержанттар құрамымен жұмыс басқармасының әскери қызметшілері иеленді.

Қарулы күштер Бас штабы Сержанттар құрамымен жұмыс басқармасының сержанттары арқан тартыста жеңімпаз атанды. Екінші орынды Әуе қорғанысы күштері бас қолбасшысы басқармасының сержанттары иеленді. Ал әскери полиция өкілдері мен әскери теңізшілер үшінші орынды бөлісті.

Спорттық іс-шараға қатысушылар күш-жігерді, төзімділікті дамытуға және командалық рухты нығайтуға ықпал ететін жарыстарды ұйымдастырғаны үшін алғыстарын білдірді.

ЖАРЫС

## ӘСКЕРИ ТЕҢІЗШІЛЕР САЙЫСТЫ

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚАРУЛЫ КҮШТЕРІ ӘСКЕРИ-ТЕҢІЗ КҮШТЕРІНІҢ ӘСКЕРИ ТЕҢІЗ БАЗАСЫНДА ДЕМАЛЫС КҮНІНЕ ОРАЙ САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫН НАСИХАТТАУҒА БАҒЫТТАЛҒАН СПОРТТЫҚ ЖАРЫСТАР ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ.**

Іс-шараға әскери бөлімнің барлық матростары белсене қатысып, бөлімшелер арасында және жекелеген спорт түрлерінен бақ сынасты. Жарыстардың мақсаты – жеке құрам арасында салауатты өмір салтын кеңінен насихаттап, ұжымдағы достық пен ынтымақтастықты арттыру.

«Салауатты өмір салтын насихаттау, спортқа баулу мақсатында матростармен демалыс күні спорттық іс-шаралар үнемі ұйымдастырылады. Бөлімшелер арасындағы жарыстар тек спортты ғана емес, сонымен қатар олардың достығын, ауызбіршілігін нығайта түседі», – деді Әскери-теңіз күштері жауынгерлік да-ярлық басқармасының (дене дайын-



дығы және спорт бойынша) аға офицері 3 дәрежелі капитан Бекзат Берікқазинов.

Спорттық жарыстар бағдарламасына арқан тарту, гір тасын көтеру, қол күресі, белтемірге тартылу және теңіз жағасындағы волейбол ойыны енді.

Шара соңында үздік нәтиже көрсеткен матростар марапатталып, командалық рухты көтерген белсенді бөлімшелер атап өтілді. Спорттық шаралар алдағы уақытта да жалғасын табады.



Республикалық  
әскери-құқықтық газет



Республиканская  
военно-правовая газета  
Издается  
ТОО «ГИС Әскери медиа»

Бас редактор  
Ерлібай ҚАДЫРБАЙ

Шығарушы редактор  
Тимур АУБАКИРОВ

Тілшілер:

Нариман ДЮСЕНОВ  
Рима ӘБЕУОВА  
Бақытгуль АБАЙҚЫЗЫ

Корректорлар:

Сымбат НҰРХАЙДАРОВА  
Наталья ВАРНАВСКАЯ

Дизайнер:

Адил ШЕРИМБЕТОВ

Газета «Әскери заңгер»  
общественного объединения  
«Альянс военных юристов»  
зарегистрирована 10 ноября 2016 года в  
Министерстве информации и коммуникаций  
Республики Казахстан  
Свидетельство № 16213-Г.



Мнения авторов не всегда  
выражают точку  
зрения редакции. Рукописи и фотографии не  
рецензируются и не возвращаются.  
Газета выходит 1 раз в месяц.  
Цена договорная.

Адрес редакции: РК, 010000, г Алматы,  
Бостандыкский район,  
улица Жарокова, дом 210 Б, офис 213

Тел/факс: 8(7172)25-21-63  
E-mail: info@sarbaz.kz  
Газета издается в типографии  
АО «Алматы-Болашақ», г. Алматы,  
ул. С. Муканова, 223-Б.

Объем - 8 полос, Офсетная печать

Индекс 64687  
Тираж 152  
Номер заказа №7